

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттарына,
«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшелеріне
(Ғ. Ташқараев, Е. Абақанов,
М. Ахметов, Е. Бейсенбаев)

2021 жылғы 13 қазандағы № ДС-302

Құрметті депутаттар!

Жұмыс істейтін жастарға жалға берілетін тұрғын үй беру шарттарына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Үкіметтің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 27 қаулысымен бекітілген Жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы шеңберінде жыл сайын Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында жұмысшы жастар (жас мамандар) үшін кемінде үш мың жалға берілетін пәтер салу көзделген.

Айталық, екі жыл ішінде осы қалаларда жұмыс істейтін жастарға 4 354 пәтер берілді. Биылғы жылы тағы 3 мыңға жуық пәтер берілетін болады.

Бұл ретте, Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығымен Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілді, оған сәйкес жас азаматтың тұрақты жұмыс орны болуға және меншігінде жылжымайтын мүлкі болмауға тиіс. Сондай-ақ сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй 5 жыл мерзімге беріледі.

Аталған жобаның негізгі мақсаты жастарға жеке тұрғын үй сатып алу үшін бастапқы жарнаны жинау бойынша жағдай жасау болып табылады. Жалға берілетін тұрғын үй алған азамат бес жыл ішінде жеке тұрғын үй сатып алу үшін ипотека бойынша бастапқы жарна сомасын жинақтауға тиіс.

Ол үшін Қағидаларда табыс бойынша 40 айлық есептік көрсеткіштен (116 680 теңге) төмен емес шектеу көзделген.

Аталған шекті 25 АЕК-ке (72 925 теңге) дейін төмендеткен жағдайда, өтініш берушінің 5 жыл ішінде жеке тұрғын үй сатып алу үшін бастапқы жарнаға қажетті соманы жинай алмау қаупі туындауы мүмкін.

Өз кезегінде, мемлекет жастарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша балама шаралар қабылдауда.

Мысалы, қазіргі уақытта «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы жастардың тұрғын үй мәселелері бойынша базалық сұраныстарын шешуді көздейтін «Тәуелсіздік ұрпақтары» бағытын қамтиді.

Осы бағыт бойынша 2025 жылға қарай 800 мың жас адамды (2022 жылы – 500 мың адам, 2023 жылы – 600 мың, 2024 жылы – 700 мың) тұрғын үй жинақтары жүйесімен қамтуды қамтамасыз ету жоспарлануда. Жастарға тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша салымдарды толықтыру үшін бірыңғай зейнетақы төлемдерін пайдалану мүмкіндігі беріледі.

«Отбасы банкінің» ақпараты бойынша қазірдің өзінде екі миллион салымшының арасында 29 жасқа дейінгі жастар 510 мың адамды құрайды, осылайша келесі жылға арналған жоспар асыра орындалды.

Сондай-ақ бүгінгі таңда «Нұр Отан» партисының өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» жол картасы аясында жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдардың 2025 жылға дейін өздерінің өңірлік тұрғын үй бағдарламаларын кезең-кезеңімен әзірлеуі көзделген.

Алматы қаласында, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында осындай бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде жас мамандарға бастапқы жарнасы 10 % және 25 жылға дейінгі мерзімге ипотека беріледі.

Ұлттық жобаның тағы бір көрсеткіші жас отбасылар үшін тұрғын үй құрылысының барлық бағдарламалары бойынша қарыздар үлесін 2025 жылға қарай 25% - ға дейін жеткізу болып табылады (2021 жылы - 5 %, 2022 жылы - 10 %, 2023 жылы - 15 %, 2024 жылы - 20 %, 2025 жылы - 25%). Ол үшін тұрғын үй құрылысы бағдарламаларында жас отбасылар үшін квоталар енгізілетін болады.

Тұтастай алғанда, азаматтарды, соның ішінде жастарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Е. Тоғжанов